

## **Бүкілдүниежүзілік метеорология ұйымы конвенциясына қосылу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 сәуір 1993 ж. N 296

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:  
Бүкілдүниежүзілік Метеорология Ұйымы Конвенциясының 33 бабына сәйкес қосылу туралы құжаттарды белгіленген тәртіппен Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне сақтауға тапсырсын;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармамен бірге Бүкілдүниежүзілік Метеорология Ұйымының Бас хатшысына ресімдік және ұйымдық-техникалық мәселелердің шешілуі туралы хабарласын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма Қазақстан Республикасының мүдделерін көздей отырып Бүкілдүниежүзілік Метеорология Ұйымының қызметіне белсене қатысып, оның алдындағы өз міндеттерін

орындауды қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Бүкілдүниежүзілік Метеорология Ұйымының бюджетіне Республиканың жылдық жарналарын белгіленген тәртіппен енгізіп отыруды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі